ЛЫК ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# І ТУЫ

МИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

май Жұма | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

*Техниканы жүргізуге, оны барынша сарқа пайдалануға техникаға жетік адамдар керек, бұл техниканы меңгеру және нағыз шеберліктің барлық жолымен пайдалану ісі қолынан келетін кадрлар керек. Техникаға жетік адамдарсыз техника—жансыз техника. Техникаға жетік адамдар басқарған техника неше түрлі керемет көрсете алады және көрсетуге тиіс.*

**И. СТАЛИН.**

## сарқа
## ек

ға қойылған міндет
пілуін қамтамасыз
ін кәсіпорындары-
ия және кәсіподақ
жарысты тыңғы-
, жұмысшылардың
ежелерін көтеруге,
арттыруға үнемі
індетті.
а, бірқатар кәсіп-
ы уақытқа дейін
лану ісі жоғарыда
сай болмай келе
ыз. Мәселен, Пет-
имунасы атындағы
кейбір машиналар
п реттерде техника
айдаланылмай кел-
ы басшылары мен
мдарының техника
е өте-мөте жауап-
көрсетеді. Мұнда,
і механикаланды-
нбейді. Фабрикада
птауға, жүн түту
уатты машиналар
ң көпшілігі соңғы
ті ешбір техноло-

# Егіс жұмысындағы кемшіліктер дереу жойылсын!

☆ ☆ ☆ ☆

## Егісті аяқтаған совхоздар

13 майда Возвышен астық совхозының коллективі жазғы дақылдар егісінің жоспарын 101 процент орындап шықты.

Егіс жұмыстарын, әсресе, № 2 (меңгерушісі Белый, агрономы Быканов жолдастар) және № 5 (меңгерушісі Михалев, агрономы Федоренко жолдастар) ұйымшылдықпен өткізді.

Көктемгі егіс жоспарын дер кезінде сапалы орындау жолындағы социалистік жарыста үздік шыққан тракторшылар совхозда ондап саналады. Мәселен, тракторшы Я. Редер, И. Кривошеев жолдастар тұқым себуде жұмыс нормасын үнемі артық орындап отыруға жетісті. Олар жанар майды да көптеп үнемдеді.

* * *

Жазғы дақылдар егісі жоспарын Ұзынкөл астық совхозының коллективі де ойдағыдай аяқтап шықты. № 1 және № 2 бөлімшелер егіс жоспарын қысқа мерзімде орындау жолындағы социалистік жарыста бірінші орынға ие болды.

Тракторлардың қуатын сарқа пайдалану арқылы ол..дың жұмыс өнімділігін

## Солтүстік Қазақстанда егістің қарқыны мен сапасы нашар

* * *

(«Социалистік Қазақстанның» Солтүстік Қазақстан облысындағы өз тілшісінен).

* * *

Булаев аудандық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Шалимов жолдас шыр ете қалған телефонның құлағын тез-ірек алды да, жауапты келте қайырды:

—Кәне, мәліметіңізді тез беріңіз, көп күтуге мұрша жоқ, уақыт тығыз. Бүгін қанша жер жырттыңыздар, қанша септіңіздер, ертеңгі жұмыстарыңызды қоса айтыңыз,—деді, ол аптығып.

Бүгін әбігерленіп, мұршасы келмей жатқан жалғыз Шалимов емес екені көрінді. Біз аудандық Совет атқару комитетінде де осындай асығыс, әбігер жағдайға кездестік. Аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Ыбыраев жолдаспен әңгімелескенімізде оның сөзінен: «Жұмысым көп, уақытым тығыз» өте көп естілді. Екі сөздің бірінде осыны қайталады да отырды.

— Жаңа Булаев МТС-інен мәлімет алып едім, енді Калинин МТС-інен мәлімет сұраймын, мәлімет беретін әлі үш совхоз, 7 колхоз бар. Бұлардың өзі де толып жатқан уақытты керек етеді ғой, —деп телефонның құлағын қайта-қайта бұрап қойды ол.

...алдымен жұмыста берік ұйымшылдық, қатаң тәртіп жоқ.

Ауылшаруашылық артельдері мен МТС-тердің бірсыпырасы дала жұмыстарына даярлықсыз кірісті. МТС мастерскойларында әлі күнге дейін 10-ға жуық трактор жөнделмей тұр. Колхоздарда құрал-саймандардың жұмысқа әзір етілмегендері де аз емес. Дайындалған тұқымның тең жартысынан астамы тазартылып, өнгіштік дәрежесіне жеткізілмеген. Бұл жағдайдың барлығы кәзір егіс жұмысының шабан жүргізілуіне әкеліп соқтырды.

—Бізде егіс жұмысының барысы баяу екені рас, —дейді аудан басшылары,— бірақ быйылғыдай қар күрт тез кетеді деп кім ойлаған?

Шынында да көктем ешуақытта айтып келген емес. Көктемгі дала жұмыстарына күні бұрын сақадай сай әзір болу негізгі міндеттердің бірі екенін...

...тябрь ауданындағы «Дружина» колхозында істейтін трактор бригадасы соңғы бес күнде 22 гектар ғана жерге тұқым септі. Сол ауданның «Гигант» ауылшаруашылық артелінде сеялкалар жеткілікті бола тұрса да тұқымның көбі қолмен себілді.

Егіс жұмысының агротехникалық қолайлы мерзімде өткізілуі ең алдымен трактор паркін неғұрлым өнімді пайдалануға байланысты. Бірақ Солтүстік Қазақстан облысында бұл түйінді мәселеге көңіл бөлінбей отыр. Тракторлардың жұмыс өнімділігі өте төмен. Мұның негізгі себептерінің бірі машиналардың сапасыз жөнделгендігінен. Бірқатар МТС-тердің мастерскойларында көп трактор әлі жөнделіп бітпеген. Ал жөндеуден жақсы өтті деген тракторлардың кейбіреулері жұмыс үстінде тұрып қала береді. Чапаев МТС-інің 4 «ЧТЗ» тракторы егістің алғашқы күндерінен-ақ жүрмей тұрып қалды. Трактор бригадаларына техникалық жағынан қызмет көрсету жұмысы да нашар. Колхоз председательдері жанармай-

Архипов, бесжүзші-машинистер Слюнько, Оразалин, үлгі жасаушы Бекежанов жолдастарды қосуға болады.

Стахановшылардың мұндай табыстарға жетуінің сыры неде? Ол— ең алдымен озаттардың қол жеткенді баянды ету мақсатында өзінің шеберлігін арттыру, білім дәрежесін көтеру ісімен үздіксіз шұғылдануында болып отыр. Стахановшылар техниканың барлық жетістіктерімен және озат тәжрибелермен таныса отырып, өздерінің жұмыстарын жаңаша құруға көп еңбек сіңіреді. Сондықтан да алдыңғы қатарлы өндіріс участоктерінде әрбір станок, әрбір жабдық бүгінгі күннің талабына сай пайдаланылып, еңбек өнімділігінің еселеп арттырылуына, өнімнің өзіндік бағасының кемітілуіне, үнемшілдік тәртібінің қатаң сақталуына мүмкіншілік туды.

Жұмысты барлық жерде де осылай ұйымдастырып, техника қуатын сарқа ушылық басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары және мамандар техниканың күшін мейлінше толық және тиімді пайдалану күресін, нақтылы, үздіксіз жүргізуге тиіс. Ол үшін жұмысшылардың техникалық білімін, мамандығын арттыру шараларымен қатар, жеке озаттардың игілікті тәжрибесін басқаларға тарата білу, әрбір жаңалықты уақытында көріп, қолдап, оның өндірісте қолданылуына жету шарт.

Бұдан былайғы жерде кәсіпорындарының басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары өндіріске ғылым табыстары мен озат тәжрибелердің батыл енгізілуі жолындағы социалистік жарысты өрістете отырып, техника қуатын пайдалану ісінде жаңа табыстарға қол жетуін қамтамасыз етуге тиіс. Отандық қуатты жаңа техника еліміздің алып адыммен өркендеуіне, коммунизмнің салтанат құруына қызмет ететін болуы керек.

———00———

күндік нормаларын үнемі асыра орындап жүргендер. Егіншілердің қажырлы еңбегінің нәтижесінде колхоз егіс жұмыстарының бескүндік графигін ұдайы мінсіз орындап келеді. Соңғы бескүндікте колхоз 530 гектар орнына, 550 гектар жерге тұқым сеуіп, графикті артығымен орындап шықты.

Б. ЖАҚСЫЛЫҚОВ.

«Баян» колхозындағы (Преснов ауданы) № 13 трактор отрядының Ж. Сәпенов және С. Нұрғалиев сияқты тракторшылары көктемгі егісті қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу жолындағы социалистік жарысқа қызу ұштасып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда, сменалық тапсырмаларды ойдағыдай орындауда.

Трактори... бескүндікте ... зябьті тырм... гектар жер... тракторшы... гектарға жу... сеуіп, беску... дап шықты. Осы сыя...

# Советтік Қаза...

## Петр Моисеенконың туғанына 100 жыл толуына

ОРЕХОВО-ЗУЕВО, 14 май. (СОТА) Қала еңбекшілері Орехово -Зуевте болған 1885 жылдың тарихи Морозов стачкасының ұйымдастырушысы Петр Моисеенконың туғанына 100 жыл толуын атап өтуде. Алдыңғы қатарлы тоқымашы-революционердің есімі большевиктер партиясының тарихынан орын алды.

Петр Моисеенко Орехово -Зуевтегі 1885 жылдың тарихи оқиғасының құрметіне көптенгі Орехов тоқыма комбинаты үйлерінің іргесіне салынған ескерткіштер қорғанының ішіне жерленген болатын.

Бүгін мұнда қала еңбекшілерінің көп адам қатысқан митингісі болды. Петр Моисеенконың өткен өмір жолы мен революциялық қызметі туралы қалалық партия комитетінің секретары А. К. Савельева, революциялық оқиғаларға қатысушы қарт большевик Ф. П. Заколотнев және басқалары айтты. Басқа адамдармен бірге Петр Моисеенконы құрметпен еске түсіру үшін Морозов стачкасына қатысушы 90 жастағы П. Е. Аббакумов та келді.

## Жылдамдатылған әдіспен балқыту

ТЕМІР- ТАУ, (Қарағанды облысы), 14 май. (СОТА). Бүгін қазақ металлургия заводының таңдаулы болат балқытушыларының бірі Голубев көрсетілген графиктен екі сағат бұрын болат балқытып берді. Болат балқытатын пештің әрбір шаршы метрінен ол нормадан тыс 3,2 тонна балқытылған металл алды. Бұл стахановшының жыл басынан бері 75-рет балқытып алған болаты. Стахановшының өзіндік есебінде жоспардан тыс балқытылған 270 тонна металл бар.

## Жемшөп сүрлеудегі жаңалық

Оңтүстік Қазақстан облысының колхоздары табиғи шөптерден бірінші рет мың тонна шөп сүрледі. Жамбыл және Алматы облыстарының колхоздары да жемшөп сүрлеуге кірісті. Құнарлы мал азығы, соның ішінде сүрленген шөп колхоз фермаларындағы өнімді малдың азығында барған сайын мейлінше көрнекті орын алуда. Быйылғы жылы шөп сүрлейтін мұнараларда, траншеялар мен апандарда миллион тоннадан аса шөп сүрленді. Бұл өткен жылы сүрленген шөптен екі есе артық. Шөп сүрлеу жұмысының 80 процентін МТС-тер мен машина-малшаруашылық станциялары орындайды. Станциялардың осы жұмысқа арналған шөп сүрлейтін 1300-дей машиналары, жүздеген сабан турағыш машиналары бар.

1100-ден астам «Коммунар» комбайны көк шөпті өңдеу үшін қайта жабдықталды. МТС-тер мен машина- малшаруашылық станциялары колхоздармен жасасқан шарт бойынша шөп сүрлейтін құрылыстар салуда, оларға көмек көрсетуде.

Республикада тұңғыш рет бактериялық ашытқының жәрдемімен шөп сүрлеу әдісі қолданылады. Бұл ашытқыны Қазақ ССР Ғылым академиясының гидробиология секторының лабораториясы жасап шығарды.

(ҚазТАГ).



Шымкентте тоқыма комбинаты құрылысының бірі... Қазір жабдықтар орнатылып жатыр.
СУРЕТТЕ: П. Горшков жолдастың бригадасының машиналарын орнату және баптау жұмыстары кезі...
Суретті түсірген Я. Турин. (Қаз...

## Жетісудың каучук өсіру...

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Андреев ауданындағы «Победа» колхозының каучук өсірушілері көксағыз егісінің арам шөптерін отауға кірісті. Колхозшылар Саркант ауданының Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінің каучук өсіру- шілерімен жа... лық күшін с... тісімен каучу... никалық шар... жүзеге асыр... маланып, үс...

